

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	06.03 -10.03.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады" тақырыбында кеңестер беру.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге ынтамен көмектесуге, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетеін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған		"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)

	(еңбек іс-әрекеті)	қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)			
	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Армысын, наурыз!" Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамының ерекшеліктері мен ұлттық тағамдар жайлы түсініктерін кеңейту; геометриялық пішіндерді ажыратып, дұрыс атауды меңгерту; заттар жиынымен цифрларды сәйкестендіруге машықтандыру.	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Затпен жаттығу жасау икемі" Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсуге үйрету.		Қазақ тілінен ойын-жаттығу "[Ң] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [И] дыбысы мен әрпімен таныстыру, артикуляциялық жаттығуларды жасауға үйрету, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге баулу.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "«Әз Наурызым, армысың!» (өлеңді жаттау)" Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету.
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.				

	2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)

	Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Наурыз тойын бастайық, Жақсы тілек айтайық. Дастархандар	«Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық,		«Эмоцияларды жаттықтырамыз» Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу тұлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды;	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады.

	жайылсын, Қуанышты той болсын. (қарым-қатынас іс- әрекеті, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)	ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. (әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)		- орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты; - жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды. (әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)	(қарым-қатынас іс- әрекеті, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Сауат ашу негіздері "[h] дыбысы және hh әрпі". Мақсат-міндеттер:	Сауат ашу негіздері "[h] дыбысы және hh әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер:		Математика негіздері "Армысын, науырыз!"	Сауат ашу негіздері "[я] дыбысы және Яя әрпі". Мақсат-міндеттер: Я

іс-әрекет	әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу. Қазақ тілі "Бәйшешек" өлеңін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Бәйшешек" өлеңін мұқият тыңдауға, өлең жолдарын қайталап есте сақтауға үйрету; қардың еруі туралы сөз тіркестері арқылы сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Дене шынықтыру "Қамшы ұстап	әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу. Математика негіздері "Күн мен түн теңелетін күн" Мақсат-міндеттер: балалардың көктемдегі Наурыз мейрамына байланысты оқиғаларды, күн мен түн теңелетін тәулік бөліктеріндегі құбылыстың принципін түсіндіру; жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту. Музыка		(пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамының ерекшеліктері мен ұлттық тағамдар жайлы түсініктерін кеңейту; геометриялық пішіндерді ажыратып, дұрыс атауды меңгерту; заттар жиынымен цифрларды сәйкестендіруге машықтандыру. Сөйлеуді дамыту "Менің сүйікті ертегім. «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі". (қайталау) Мақсат-міндеттер: ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру. Сөйлесу барысында сұрақ	я дыбысы мен әрпін меңгерту, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету. Жапсыру "Қарлығаш - біздің досымыз" Мақсат-міндеттер: балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып келетінін айтып, жапсыруға үйрету. Дене шынықтыру "Жаттығуға затты таңдаймын" Мақсат-міндеттер: балаларды бір
-------------------------	--	---	--	---	--

	шоқырақтап жүру" Мақсат-міндеттер: балаларды қамшы ұстап шоқырақтап жүруге және аттай шоқырақтап жүрген кезде ұсақ заттар (қолорамалға түйілген тиындар) алып жүруге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Көктемде табиғат оянады" Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі табиғат құбылыстарын бақылай білу қабілеттерін жетілдіру; көктемнің тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу.	"Менің сүйікті ауылым" Мақсат-міндеттер: балалардың музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу, музыка жетекшісімен ілесе ән айту, музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "Менің сүйікті ертегім. «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі". Мақсат-міндеттер: ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру. Сөйлесу		қойып, оған дұрыс жауап беруге, сөздерді орнымен қолдана білуге жаттықтыру. Музыка "Тұсаукесер" Мақсат-міндеттер: балалардың тұсау кесер әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру. Қоршаған ортамен таныстыру "Сиқырлы су" Мақсат-міндеттер: жер бетіндегі барлық	орында және 6-8 м қашықтыққа алға қарай жылжу арқылы секіруге үйрету. Көркем әдебиет "«Өз Наурызым, армысың!» (өлеңді жаттау)" (қайталау) Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету.
--	---	--	--	--	--

		барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге, сөздерді орнымен қолдана білуге жаттықтыру.		тіршілік иелеріне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды судың қасиеттерімен таныстыру.	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Жылт-жылт еткен. Жырадан өткен. (су) Бақылау. Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда	Талды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Тал туралы білімдерін бекіту, көктемде тал алғашқылардың бірі болып гүлдейтініне назар аудару. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек		Бұршақтың жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Бұршақ ұғымымен таныстыру; көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін атай отырып, бұршақ туралы түсінік беру; зейінді, есте	Бірінші будақ бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ, жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) Бақылау. Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді,

	болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру) Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады.	тапсырмалары: кіші топтың балаларына алаңды былтырғы қоқыстардан тазартуға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өз бетінше кіші топтың балаларына көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар мен торғайлар", "Мүқият бол". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жан-жаққа шашырап жүгіруді, кеңістікті бағдарлауды дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: заттарды нысанаға лақтыру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қолдың күшін және көзбен мөлшерлеуді дамыту.		сақтауды белсендіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бұталар мен ағаштардың кесілген бұтақтарын тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп тату-тәтті жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге, еңбек нәтижесіне қуана білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; кедергіден оңай өтуге үйретуді	күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру) Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. Еңбек. Өсімдіктердің топырағын қопсыту. (еңбек іс-әрекеті) Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. Өз бетімен ойындар.
--	---	--	--	---	---

	Еңбек. Аула маңын қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру) Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау.			жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Алда кім бар?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Орташа қарқынмен бір-бірден бағанда жүгіруді үйрету.	(дене шынықтыру) Өткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				

	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат	Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз,		Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?" Мақсат-міндеттер.	Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттер.

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	құбылыстары). Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-	көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, кезекпен қимылдарды көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе		Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың	Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-
---	---	--	--	---	---

	бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б.. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат". Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты		келешекте неге айналатынын атау керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?" Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу	әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Ұлттық ойын. Сиқырлы таяқ Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы
--	---	---	--	--	---

	Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені". Мақсат-міндеттер. "Киімдер" дүкені, киім сатушысының жұмысының ерекшелігі туралы балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген), ойыншық смартфондар, төлем карточкалары,	мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемеңізді жүргізуге	оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Жедел жәрдем". Мақсат-міндеттер. Балалардың "жедел жәрдем" ұғымы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, телефонда отыратын оператор сияқты мамандықтар жайында ұғымдарды пысықтау; медицинаның әлеуметтік маңыздылығын	керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді. Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус". Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және
--	---	--	--	---

сөмкелер, қаражат қағаздары, қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және іш киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктелініп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі туралы да айтылуы тиіс. Сатушылар өз	қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз	көрсету; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектер мен ойыншық медициналық құралдары бар сөмкесі; "жедел жәрдем" жазуы бар макет; ақ халаттар, руль, телефон, жазуға кітапша, қаламсап. Шарты. Педагог балалармен жедел жәрдемде қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Адамдардың жедел жәрдемді шақыру үшін қандай әрекеттерді жасау керектігін, жедел жәрдемнің телефон	кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонының үлгісін білдіретін орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім
--	---	--	--

	қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады. Педагог диалогтарда	портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі.		нөмірлерін анықтайды. Балалар өзара дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, үй иесі және тұтынушы болып бөлініп, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойын желісін жалғастырып, кейіпкерлерге көмекші сұрақтар қойып, барысын қадағалайды. Балалар біртіндеп ойын желісін меңгеріп алып, өздері басқарады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: жедел жәрдемнің көмегі	үлгілері. Шарты. Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақыттарда әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп
--	---	--	--	---	---

	әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан		адамның денсаулығы жақсы кезде ғана қажет болмайды; жедел жәрдемде білікті мамандар еңбек етеді, олардың еңбегін құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші, "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу қимылдарын көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндіктер туындап жатса, өз дауысымен айтылған қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұн жерде өз
--	---	---	--	--	--

	әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)			орындарын үлкендерге беру үлгісін көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобуска отырып, жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалуын қадағалау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
--	--	---	--	--	---

Балалармен жеке жұмыс		Бала тілін дамыту. Жаңылтпаштар айтқызу.		Жұмбақтарды шешу. (ел аузынан) Кішкене ғана бойы бар Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа) Аяғы жоқ жүреді, Аузы жоқ сөйлейді. (Хат) Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Асты тас, үсті тас, Ортасында жанды бас. (Тасбақа) Жабықта жарты нан. (Ай) (қарым-қатынас іс-әрекеті)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу,

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық. Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.
--	--

	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Балалардың суреттерінен көрме. «Анашым! Мен сізді жақсы көремін!» «8-наурыз Аналар мерекесі».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».		Кеңес. "5-6 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы".	«Бүгін біз нені үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу.